

Темірбек Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасының докторантты Әкімбек Асқардың 6D040600 – Режиссура мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мұхтар Әуезов шығармаларын сахналашу үрдісі: дәстүр мен жаңашылдық» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

PhD дәрежесіне үміткер А. Әкімбектің таңдаған зерттеу тақырыбы – классикалық әдеби мұра мен қазіргі заман театры арасындағы көркемдік-эстетикалық диалогты зерделеуге бағытталған өзекті әрі ғылыми тұрғыдан құнды еңбек болып табылады. Диссертацияда драматург Мұхтар Әуезовтің драмалық туындыларының сахналық интерпретацияларын жан-жақты талдау арқылы ұлттық театр кеңестігінде дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысұы ғылыми негізде қарастырылған.

Зерттеу жұмысының басты ерекшелігі – Қазақстан театр режиссурасының кеңестік кезеңі мен тәуелсіздік жылдарындағы теориялық және практикалық дамуын салыстырмалы тұрғыда талдауға негізделген. Зерттеуші Питер Брук, Ежи Гrotowski, Эудженио Барба, Робер Лепаж, Ромео Кастеллуччи, Бертольд Брехт және Константин Станиславский сынды әлемдік деңгейдегі танымал режиссерлердің режиссерлік тәсілдерін терең әрі жан-жақты зерделеп, олардың сахналық жүйелерін дәстүрлі қазақ театр өнерінің қалыптасқан үлгілерімен салыстыра отырып ғылыми пайым жасайды. Бұл салыстырмалы тәсіл зерттеушінің режиссура өнеріндегі жаһандық мектептер мен ұлттық сахналық эстетиканы терең меңгергендігін, сондай-ақ кең ауқымды ғылыми ойлау қабілетін айқын көрсетеді.

Диссертациялық жұмыста қазіргі әлемдік режиссурада кең таралған өзекті мәселелерге назар аударылған. Атап айтқанда, авторлық интерпретация мен тұпнұсқа мәтінге адалдық арасындағы шығармашылық терең-тенденсік, сахналық кеңестікті трансформациялау, көрерменмен интерактивті қарым-қатынас орнату, сахна мен экран арасындағы шекараның жойылуы, постдрамалық құрылымдардың дамуы, физикалық театр мен визуалды тілдің алға шығуы сияқты құбылыстар теориялық тұрғыда негізделіп, қазіргі қазақ театрындағы үрдістермен сабактастырыла қарастырылған. Бұл аспектілердің терең талдануы зерттеушінің заманауи режиссура теориясын жетік меңгергенін және оны ұлттық театр практикасына ғылыми түрде ұштастыра білгенін дәлелдейді.

Сонымен қатар, зерттеуші халықаралық ғылыми қауымдастықпен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп келе жатқанын бірқатар беделді басылымдарда жарық көрген ғылыми мақалалары арқылы дәлелдейді. Атап айтқанда:

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылым – «Керуен» журналында жарияланған «М. Әуезовтің “Қорғансыздың күні” әңгімесінің сахналық интерпретациясы» атты ғылыми мақала;
- Сондай-ақ осы Комитет ұсынған басылымдар қатарына кіретін «Central Asian Journal of Art Studies» журналында жарық көрген «Қазақ театрында қаһармандық эпосты сахналаудың режиссерлік әдістері» атты мақала;
- Халықаралық деңгейдегі «Kurdish Studies» журналында жарияланған «Классика және ұлттық идея» атты ғылыми мақала;
- Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus (Elsevier) халықаралық ғылыми деректер базасына енгізілген «Open Cultural Studies» журналында жарияланған «Қазақстан ұлттық классикасының әлемдік сахна өнеріндегі трансформациясы» атты зерттеу.

Аталған еңбектер зерттеушінің ғылыми деңгейі жоғары, академиялық талаптарға сай, жүйелі зерттеу жүргізе алғатын жас ғалым ретінде қалыптасқанын айғастайды.

Қорытындылай келе, А. Әкімбектің «Мұхтар Әуезов шығармаларын сахналау үрдісі: дәстүр мен жаңашылдық» атты диссертациялық еңбегі ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеу мазмұны терең, кәсіби деңгейде орындалған, теориялық түрғыдан негізделген әрі салыстырмалы талдауға құрылған өзекті еңбек болып табылады. Автор өз еңбегі арқылы болашағы зор, сынни ойлау қабілеті жоғары, заманауи театртану ғылымын жетік меңгерген жас зерттеуші ретінде танылды. Сондықтан бұл диссертациялық жұмысты PhD ғылыми дәрежесін беруге толықтай лайық деп есептеймін.

Ізгі құрметпен,

Қолы

профессор, PhD докторы **Керем Карабоа**
Арқин Шығармашылық Өнер және Дизайн Университеті (ARUCAD)

Перевод верен

Данисеева Ж.Н.

